




# Желтоқсан - тәуелсіздік шежіресі







# Мақсаты:

*а) Қазақстан тарихындағы тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының бастамасы болған желтоқсандағы жастар шеруінің мәнін ашып түсіндіру, тарихына шолу жасау*

*ә). Оқушыларды ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігі үлгісінде Отанды, елін сүйуге, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу*

*б) Оқушылардың жауапкершілік, белсенділік, ізденгіштік, зерттеушілік қасиеттерін дамыту*






# III. Желтоқсан - тәуелсіздік шежіресі

*(Тарихи шолу)*



1730 жыл.Қазақ халқының жоңғарларға азаттық күресі барысындағы өте елеулі оқиға –Аңырақай шайқасы. Бұл шайқас көктемде Балқаш көлінің оңтүстік – батыс жағалауындағы Алакөл деген жерде болды. Шайқаста кіші жүздің ханы Әбілқайыр тікелей басшылық етті.Оған қазақтың үш жүзінің жасақтары қатысты.



**1836 жыл.** Бөкей хандығында аса ірі халық – азаттық көтерілістердің бірі болып өтті.

Ол көтерілістің басты себебі жердің жетіспеушілігі еді.

Халық көтерілісін елге белгілі батырлар И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы басқарып, 200-ден артық сарбаздармен жасақталды.

**1837-1847 жж.** Кенесары Қасымұлы бастаған ірі ұлт – азаттық көтеріліс. Оған үш жүздің қазақтары түгел қатысты. Кенесары тарих сахнасына өзінің ұлы бабасы Абылай ханның ісін жалғастырып, басқарушы ретінде 20 мың сарбаздан тұратын жасақ құрды.



**1916 жыл.** Ұлт – азаттық көтеріліс кезінде 3 мың қазақ құрбан болды. Бұл қозғалыстың ең ірі оқиғаларының бірі Торғай облысында болды. Көтерілісшілер жасағын құрған сарбаз-Амангелді Иманов.

**1931-1933ж.** Өркениетті қоғам құру шаралары бүкіл елді тығырыққа тіреді. Аштықтан, түрлі індеттерден халықтың 40 қырылды. Ашаршылықтан 6,2 млн халықтың 2,1 млн опат болды. 1 млн 578 мың халық Атамекенін тастап кетті. 40 жылдай уақыт өткеннен кейін ғана бәрі қалпына келді



**1937-1938** жылдардағы сталинизм репрессиясын ойласан  
жаның түршігеді, халықтың қамын ойлаған зиялы  
азаматтарымыз бір түнде репрессия құрбандарына  
айналғандар қаншама?

**1937-1938ж** Лаңкестік жаппай сипат алды.

Бұл жылдарда кеңес үкіметін орнату мен нығай  
туға қатысқан көрнекті қайраткерлер жазаға тартылды.

Олар: С.Сейфуллин, Б.Майлин, А.Байтұрсынов.

+101 мың қазақтар «ГУЛАГ» азабынан өтті,

27 мыңнан астамы атылды.





Сталиндік репрессия мен голощекиндік геноцид  
құрбандықтарына ұшыраған халқымыздың ұл-қыздары  
Отан соғысы жылдары неміс фашист  
басқыншылықтарына қарсы Рңсеймен бірге соғысуға  
мәжбүр болды. Олар: Бауыржан Момышұлы,  
Талғат Бегелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова,  
Төлеген Тоқтаров, Рақымжан Қошқарбаев,  
Қасым Қайсенов, сынды азаматтарымыз  
жан аямай шайқасты.





Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қанды ызғары бүкіл одақ көлемін шарпып, Грузияда, Прибалтикада, Ресейдегі оқиғалардың тұтануына тарихи әсерін тигізді. Қызыл империяның ошағы болған КСРО –ның ыдырауына әкеп соқты. 1-жүргізуші. 1986 жылдың 16 желтоқсанында Республика орталық Комитетінің 5 пленумы болды. Небәрі 18 минутқа созылған осы пленумда республиканы ширек ғасыр бойы басқарып келеген Дінмұхамет Ахмет ұлы Қонаевтың орнына Г.В.Колбин сайланды.







Желтоқсан құрбаны- Қайрат Рұсқұлбеков Алматы  
архитектура құрылыс институтының студенті.

1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі оған берілген ату  
жазасын 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен  
ауыстырды. 1988 жылғы мамырда-қайтыс болды.

1996 жылғы 9 желтоқсан – «Халық қаһарманы» атағы  
берілді.



Қайрат  
Рұсқұлбеков  
1966-1988 ж.ж



**Балалық  
шағы**





**Әскердегі**



**Қайраттың  
студенттік  
шағы**



**Қайраттың**





Ләззат  
Асанова

Ләззат Асанова 1970 жылы қазіргі Алматы облысы Жаркент ауданына қарасты Айдарлы ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек өскен бала орта мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне өз талантымен оқуға түсті.



**Ләззат**  
**12 жаста 1982 ж**





**Ләззат**  
**бауырларымен**



**Ләззат 10**  
**жаста**  
**1980 жыл**





**Ләззат музыкалық**  
**училищенің**  
**студенті болған кезінде**





**Жаркент қаласының орталығында  
Желтоқсан  
көтерілісінің құрбандары Ләззат  
Асанова мен Ербол  
Сыпатаевқа қойылған ескерткіш**

**Ләззаттың анасы Алтынай  
Асанова Алматыдағы  
Республика алаңында  
қызының рухына тағзым етуде.  
17 желтоқсан. 2007**



## **Қайраттын жазған хаты:**

Әкетай-ау пайғамбардай жасың бар,  
Туа бермес сіз секілді асылдар.  
Қартайғанда жүрегінді жаралап,  
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.  
Айналайын, қарындасым, қарағым,  
Қолда кісен, мен айдауға барамын.  
Қайғы шегіп азап тартқан ағанды,  
Айтшы жаным, қандай жанға баладың?  
Айналайын, інішегім, құлыным,  
Сені ойласам үзіледі жұлыным.  
Сенің ерке ақ жүзінді көре алмай,  
Кетіп барам мен айдауға , құлыным.





# Қайраттың қарындасының хаты

Кеше ғана базарлы еді біздің үй,  
Күнде думан көтеріңкі көңіл-күй.  
Бүгін жым-жырт, әлдеқайдан бәз біреу,  
Дегендей –ақ бар сырыңды ішке түй.  
Біле алмаймын, құйын шарпып өткен бе?  
Аға-әпкемдер бәрі есейіп кеткен бе?  
Ойнатпайды, ойнамайды менімен,  
Әлдекім кеп күлмендер деп сөккен бе?  
Әкем де үнсіз, айналмайды аймалап,  
Терезеден отырғандай ай қарап.  
Адамның да дауысында діріл бар,  
Көз жанары тоқтамайды тайғанап.



## **Қайраттың ақтық сөзі:**

Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
«Еркек тоқты-құрбандық»  
Атам десең, атыңдар!





## **Тәуелсіздік жылнамасы**

**1991 жыл. 16 желтоқсан.** Бұл күн – біздің тәуелсіздігімізді дүниежүзі мойындаған күн. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Ата заңы қабылданды.

**1992 жыл.** Қазақстан Бірікке Ұлттар Ұйымына мүше болды.

Маусым айында Тәуелсіз Қазақстан ел рәміздері: Туын, Гимні, Елтаңбасын қабылдады. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

**1993 жыл.** Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды.

15 қараша. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық теңгесі айналымға енді.

**1994 жыл.** Мемлекеттің тұңғыш ордендері мен медальдары дүниеге келді.

30 маусым ұшқыш Талғат Мұсабаев аспан көгіне көтерілді. Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылды.

**1995 жыл. 30 тамыз.** Референдумда ұсынылған жаңа Ата Заң бір ауыздан қабылданды.

**1996 жыл.** Алматыда Тәуелсіздік монументі ашылды.





**1997 жыл.** Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы және қуғын-сүргіндерді еске алу жылы. Білім заңы қабылданды. Тіл туралы заң қабылданды.

**1998 жыл.** Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы деп жарияланды. Ел астанасы Ақмолаға көшірілді.

**1999 жыл.** Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.

**2000 жыл .** Мәдениетті қолдау жылы. Шежірелі Түркістанның 1500 жылдығы тойланды.

**2001 жыл.** Тәуелсіз Қазақстанға 10 жыл. Қазақстандағы Ресей жылы.

**2002 жыл.** Денсаулық жылы.

**2003-2005 жылдар.** Ауыл жылдары.

**2006 жыл.** Тәуелсіздікке 15 жыл. Желтоқсанға 20 жыл. 7 қаңтарда жаңа әнұран қабылданды.

**2007 жыл.** Қазақ тілін қолдау жылы.

**2008 жыл.** Халық санағы болды. Астанаға 10 жыл.

**2009 жыл.** Қазақстанның Украинадағы жылы.

**2010 жыл.** Астана қаласында Еуропа Қауіпсіздігі мен Ынтымақтастық ұйымының саммиті.

**2011 жыл.** 7 қысқы Азияда олимпиадасы Астана мен Алматы қалаларында болып өтті.

3 сәуір кезектен тыс Президенттік сайлау. Халық қалауы Елбасы Н.Ә. Назарбаев болды.

16 желтоқсан Тәуелсіз Қазақстанға 20 жыл.





Тойланып мың мереке, ұлыс күні,  
Құйылған шаңыраққа ырыс нұры.  
Халқымның бақыты үшін аз байлық па  
Тәуелсіз еліміздің тыныштығы.



Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан бұлтармай алға баса береміз. Осы бақыт үшін баршамаз тәубә дейміз. Осы жолда біліміміз бен біліктілігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді , қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз. **Сүйікті Отанымыз- Азат Қазақстан мәңгі құлпырып жайнай берсін , жарқырай берсін! Бағы жанып абыройы арта берсін**





**Президентінің Қазақстан халқына  
жолдауында:**

***Біз барлық қиындықтарды еңсеретімізге  
және Қазақстанда күшті, өркенді  
және әлемде құрмет-телетін  
мемлекетке айналдыратынымызға  
сенемін.***

